

Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2019 жылғы 29 шілдедегі № 181/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 30 шілдеде № 19117 болып тіркелді.

"Табиғи монополиялар туралы" 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Тарифтерді қалыптастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а.

М. Нұрғожин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Тарифтерді қалыптастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тарифтерді қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының б) тармақшасына сәйкес әзірленген және мыналарды:

1) табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеу әдістерін ескере отырып, тарифті есептеу тетігін;

2) уақытша өтемдік тарифті бекіту тәртібін;

3) тарифті оңайлатылған тәртіппен бекіту тәртібін;

4) инвестициялық бағдарламаны және оның өзгерістерін бекіту тәртібін;

5) реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алу тәртібін;

6) табиғи монополия субъектісі пайдасының жол берілетін деңгейін айқындау тәртібін;

7) уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифті оның қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгерту тәртібін;

8) тарифте есепке алынатын және есепке алынбайтын шығындар тізбесін, тарифте есепке алынатын шығындардың мөлшерін шектеу тәртібін;

9) тарифтің, тарифтік сметаның, инвестициялық бағдарлама жобаларының, бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есептер нысандарын айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.02.2023 № 60/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидалар кәбірдік арнаны мүліктік жалдауға (жалға алуға) ұсыну немесе пайдалану жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынатын табиғи монополиялар субъектілеріне (бұдан әрі – Субъектілер) қолданылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) есепті кезең – реттеліп көрсетілетін қызметтер (жұмыстар) түрлері бойынша тартылған активтер мен шығындарды бөлек есепке алуды деректері бар табиғи

монополия субъектісінің кәбілдік арнаны пайдалануға ұсыну бойынша көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді бекітуге немесе өзгертуге өтінім беру күнінің алдындағы қаржылық жыл;

2) инвестициялық бағдарлама – инвестициялық бағдарламаның нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізуден немесе табиғи монополия субъектісі қызметінің көрсеткіштерін қолда бар деңгейде сақтаудан көрінетін техникалық-экономикалық және (немесе) экологиялық нәтиже алу мақсатында табиғи монополия субъектісінің қолда бар активтерін кеңейтуге, жаңғыртуға, реконструкциялауға, жаңартуға, ұстап-тұруға және жаңа активтерін жасауға бағытталатын қаражатты салу және қайтару жөніндегі іс-шаралар жоспары;

3) кәбілдік арна – байланыс кәбілдерін төсеуге, құрастыруға және техникалық қызмет көрсетуге арналған жерасты құбыржолдары мен құдықтардың жиынтығы;

4) кәбілді арнадағы кәбіл орнының орташа көлемі – кәбілді кәріз арнасында кәбілдердің алатын орнының орташа көлемін анықтайтын көрсеткіш;

5) кәбілдік-орын – кәбілдік кәріз арнасында кәбіл орналастырылатын орын (қимасына қарамастан);

6) қажеттілік коэффициенті – табиғи монополия субъектілерінің кәбілді кәріздеріне бөгде ұйымдардың (мекемелердің), оның ішінде байланыс операторларының (бұдан әрі – бөгде ұйымдар) қажеттігін айқындайтын коэффициент;

7) өтінім – табиғи монополия субъектісінің уәкілетті органның ведомствосына тарифті бекіту туралы өтініші;

8) табиғи монополия – тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің белгілі бір түрін өндіру мен ұсынудың технологиялық ерекшеліктеріне байланысты тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің осы түріне сұранысты қанағаттандыру үшін бәсекелестік жағдайлар жасау мүмкін болмайтын немесе экономикалық жағынан тиімсіз болатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығының жай-күйі;

9) табиғи монополия саласының тарифтік реттеу әдісі – тарифті қалыптастыру кезінде қолданылатын әдіс;

10) табиғи монополия субъектісі – тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

11) табыстың рұқсат етілген деңгейі – Субъект табысының рұқсат етілген деңгейін айқындау тәртібіне сәйкес бекітілген инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру үшін қажет және есептелген, реттеліп көрсетілетін қызметтерді, табыс мөлшерлемелерін және қаражат көлемін ұсынған кезде Субъектінің қолданыстағы активтерінің қайта бағаланған және теңгерімдік құнын ескеру арқылы айқындалатын тарифтерді қалыптастырған кезде ескерілетін табыс;

12) тариф – реттеліп көрсетілетін қызметтер құнының ақшалай мәні;

13) тарифтік кіріс – Субъектінің тариф бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерінен түсетін кірісі;

14) тарифтік реттеудің шығындық әдісі – табиғи монополия субъектісінің баптар бойынша айқындалған, экономикалық негізделген шығындарына және пайдасына қарай тарифті қалыптастыру әдісі;

15) тарифтік реттеудің ынталандыру әдісі – реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерін сақтауға және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуге қарай тарифті қалыптастыру әдісі;

16) тарифтік смета – уәкілетті орган ведомствосы бекіткен нысан бойынша ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтің кірістерінің, шығыстарының және көлемдерінің тізбесі;

17) тұтынушы – реттеліп көрсетілетін қызметтерді пайдаланатын немесе пайдалану ниеті бар жеке немесе заңды тұлға;

18) уақытша өтемдік тариф – тұтынушыларға қаражатты қайтару мақсатында уәкілетті органның ведомствосы белгілі бір мерзімге бекітетін тариф;

19) уақытша төмендету коэффициенті – тұтынушылар мен табиғи монополия субъектісінің мүдделерін қорғау мақсатында уәкілетті орган ведомствосы бекіткен және тарифке қолданылатын шама;

20) уәкілетті орган – тиісті табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тарау. Табиғи монополиялар салаларын тарифтік реттеу әдістерін ескере отырып, тарифті есептеу тетігі

1-Параграф. Тарифтік реттеудің негізгі әдістері

4. Байланыс саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің реттелеіп көрсетілетін қызметтеріне тарифті қалыптастыру кезінде тарифтік реттеудің мынадай:

1) шығындық;

2) ынталандыру әдістері қолданылады.

Байланыс саласында қуаты аз табиғи монополиялар субъектілерінің болмауын ескере отырып, байланыс саласында индекстеу әдісін қолдана отырып, тарифтік реттеу қолданылмайды.

5. Табиғи монополиялар саласын тарифтік реттеу әдісі мынадай шарттардың жиынтығын сақтаған кезде:

1) табиғи монополия саласын тарифтік реттеудің тиісті әдісін қолдануға Субъектінің экономикалық және технологиялық дайын болған;

2) Субъектіге және тұтынушыларға олар орындай алмайтын міндеттерді жүктеуге жол берілмеген жағдайда қолданылады.

6. Тариф, егер қолданыстағы тариф бір жылдан аспайтын мерзімге бекітілетін объектілер және (немесе) учаскелер бойынша бөлек бекітілген болса, жаңа реттеліп көрсетілетін қызметтерді (жаңа реттеліп көрсетілетін қызметтер) немесе Жаңа объектілерді және (немесе) учаскелерді сатып алатын (салатын) Субъектілер үшін оңайлатылған тәртіппен тарифті бекітуді қоспағанда, экономикалық негізделген шығындар мен пайдаларды анықтау арқылы бекітілетін тарифтік реттеудің шығындық немесе ынталандыру әдісімен есептеледі.

7. Тарифтің, тарифтік сметалардың және тарифтік сметалардың орындалуы туралы есептердің жобалары осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

Реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтік сметаның орындалуы туралы есеп осы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

2-Параграф. Тарифтік реттеудің шығындық әдісін қолдана отырып, байланыс аясындағы табиғи монополиялар саласындағы тарифтерді есептеу тетігі

8. Тарифтік реттеудің шығындық әдісін қолдану арқылы тарифті қалыптастыру мыналарды көздейді:

1) экономикалық негіздемені ескере отырып, тарифте есепке алынатын шығындардың түрлері мен мөлшерлерін шектеу;

2) байланыс саласында қолданыстағы үлгілік нормалар мен нормативтер негізінде айқындалған шикізат, материалдар, отын, энергия шығыстарының техникалық және технологиялық нормаларын, нормативтік техникалық ысыраптарды, персоналдың нормативтік санын қолдану;

3) жылдарға бөле отырып, тарифтік сметаны бекіту;

4) тозуды есепке алудың тікелей әдісін қолдану;

5) Субъектінің Заңның 23-бабына сәйкес сатып алуды жүргізуі;

6) реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну кезінде Субъектінің тартылған активтерінің баланстық немесе қайта бағаланған құнын және уәкілетті орган ведомствосы айқындаған әдіс бойынша есептелген пайда мөлшерлемесін және бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін қажетті қаражат көлемін ескере отырып, пайданың жол берілетін деңгейін айқындауды;

7) инвестициялық бағдарламаны бекіту;

8) бекітілген тарифтік смета шығындарының баптарын орындамағаны, амортизациялық аударымдардың және бекітілген инвестициялық бағдарлама іс-шараларының қаражатын мақсатқа сай пайдаланбағаны үшін уақытша өтемдік тарифті бекіту.

9. Шығындар әдісінің негізінде реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді қалыптастыру тарихи қалыптасқан деректер бойынша жүзеге асырылады. 1 км кабель-орын үшін ай сайынғы тариф мына формула бойынша анықталады:

$$T_{\text{ай}} = \frac{\text{КП} + \text{ҚАРБ}_{\text{арн}} \times \text{ПС}}{L_{\text{арн}}} \times D$$

мұнда:

КП – Ерекше тәртіптің талаптарын ескере отырып, бөлек есепке алу деректері бойынша жалға берілетін кәбілдік арнаны пайдалануға байланысты есепті кезеңдегі табиғи монополия субъектісінің шығыстары, теңге;

$L_{\text{арн}}$ – кәбілдердің ұзындығы-табиғи монополия субъектісінің кәбілдік кәрізінде жалға берілетін орын, км;

$\text{ҚАРБ}_{\text{арн}}$ – есепті кезеңнің соңына бөлектеп есепке алу деректері бойынша жалға берілетін кәбілдік арнаға табиғи монополия субъектісінің тартылған активтерінің реттелетін базасы, теңге;

ПС – $\text{ҚАРБ}_{\text{арн}}$ пайда ставкасы, %;

D – қажеттілік коэффициенті.

10. Жалға алынатын кәбілдік арналардың орналасқан өңіріне байланысты қажеттілік коэффициенті есепті кезеңде табиғи монополия субъектісінің деректері бойынша республикалық маңызы бар қалалар үшін жеке және басқа елді мекендер үшін жеке есептеледі және мынадай формула бойынша айқындалады:

$$D = \frac{K_{rg}}{K_{KZ}}$$

мұнда:

K_{rg} – республикалық маңызы бар қалалардағы немесе басқа да елді мекендердегі табиғи монополия субъектісінің кәбілдік арнасының жалпы желісіндегі кәбілдік арналардың жалға алынған жиынтық бөлігінің үлесін айқындайтын коэффициент;

K_{KZ} – Қазақстан Республикасының аумағындағы табиғи монополия субъектісінің кәбілдік арнаның жалпы ұзындығындағы кәбілдік арналардың жалға алынған жиынтық бөлігінің үлесін айқындайтын коэффициент, ол мынадай формулада айқындалған.

$$K_{rg} = \frac{L_A}{L_O}$$

мұнда:

L_O – республикалық маңызы бар қалалардағы немесе басқа елді мекендердегі табиғи монополия субъектісінің кәбілдік арнасының жалпы ұзындығы, канал/км;

L_A – республикалық маңызы бар қалаларда немесе басқа елді мекендерде жалға берілетін кәбілдік арналардың жиынтық ұзындығы, арна/км.

$$K_{KZ} = \frac{L_{KZA}}{L_{KZO}}$$

мұнда:

L_{KZO} – табиғи монополия субъектісінің барлық кәбілдік кәріздерінің ұзындығы, канал/км;

L_{KZA} – жалға берілетін кәбілдік арнаның жиынтық ұзындығы, канал/км.

Ұзындығы $L_{\text{факт}}$ (км) кәбілдік арнада кәбіл-орынды пайдалануға бергені үшін ай сайынғы нақты төлемнің есебі мынадай формула бойынша анықталады:

$$C_{\text{ай}} = T_{\text{ай}} \times L_{\text{нақты}}$$

$L_{\text{нақты}}$ – табиғи монополия субъектісінен басқа тарап ұйымының жалға алған кәбілдік арнада салынатын кәбілдің нақты ұзындығы, км.

3-Параграф. Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін қолдана отырып, байланыс саласындағы табиғи монополиялар аясындағы тарифтерді есептеу тетігі

11. Тарифтік реттеудің ынталандыру әдісін қолдану арқылы тарифті қалыптастыру мыналарды көздейді:

1) экономикалық негізділігін ескере отырып, тарифте есепке алынатын шығындардың түрлері мен мөлшерлерін шектеу;

2) байланыс саласында қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтердің негізінде айқындалған шикізат, материалдар, отын, энергия шығыстарының техникалық және технологиялық нормаларын, нормативтік техникалық ысыраптарды, персоналдың нормативтік санын олар болған жағдайда қолдану;

Осы тармақшаның күші тарифтік реттеудің шығындық әдісінен тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісіне өткен жағдайда тарифті бекіту кезінде қолданылады;

3) бақыланатын және бақыланбайтын шығындарды айқындау;

4) бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындамағаны үшін уақытша өтемдік тарифті және бақыланбайтын шығындарды бекіту;

5) инвестицияланған капиталды қайтаруды және инвестицияланған капитал кірістілігінің нормаларын, сондай-ақ субъектілердің реттеліп көрсетілетін қызметті

ұсынуы кезінде тартылған активтерінің баланстық құнын және уәкілетті органмен айқындаған әдіс бойынша есептелген пайда мөлшерлемесін ескере отырып, пайданы айқындау;

6) реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерін айқындау ;

7) Субъектілер қызметінің тиімділік көрсеткіштерін айқындау;

8) тозуды есепке жазудың тікелей әдісін қолдану;

9) инвестициялық бағдарламаны бекіту.

12. Алып тасталды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 08.04.2019 № 119/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Уақытша өтемдік тарифті бекіту тәртібі

13. Уақытша өтемдік тарифті бекіту үшін мыналар негіздемелер болып табылады:

1) тарифтің асып кетуі;

2) амортизациялық аударымдар қаражатын мақсатқа сай пайдаланбау;

3) бекітілген инвестициялық бағдарламаның тарифте ескерілген іс-шараларын орындамау, оған мынадай:

бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыруға арнап бекітілген тарифтік сметада көзделген қаражаттың толық алынбауына алып келген көлемдердің төмендеу жағдайлары жатпайды. Бұл ретте бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындамаудың жалпы сомасынан көлемдердің төмендеуіне мөлшерлес толық алынбаған кіріс сомасы алып тасталады, негізсіз кірістің қалған сомасына уәкілетті орган ведомствосы уақытша өтемдік тариф енгізеді;

өткізілген конкурстық (тендерлік) рәсімдердің нәтижелері бойынша пайда болған ақшаның үнемделуі;

анағұрлым тиімді әдістер мен технологияларды енгізуге байланысты шығындарды үнемдеу жағдайлары жатпайды;

4) мынадай жағдайларды қоспағанда, бекітілген тарифтік сметаның шығын баптарын бекітілген тарифтік сметада көзделген мөлшерлердің 5 процентінен астам орындамау:

неғұрлым тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, энергетикалық аудит қорытындылары бойынша әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға, нормативтік техникалық ысыраптарды төмендету жөніндегі іс-шараларды жүргізуге байланысты шығындарды үнемдеу;

Субъектіге байланысты емес себептер бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуіне байланысты шығындарды үнемдеу. Бұл ретте бекітілген тарифтік сметаны орындамаудың жалпы сомасынан көлемдердің төмендеуіне

мөлшерлес алынбаған табыс сомасы алып тасталады, негізсіз кірістің қалған сомасына уәкілетті органның ведомствосы уақытша өтемдік тарифті енгізеді;

жүргізілген конкурстық (тендерлік) рәсімдер нәтижелері бойынша қалыптасқан ақшаны үнемдеу.

14. Субъект уәкілетті органның ведомствосына көрсетілген үнемдеудің нақты пайдаланылуын және (немесе) реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің қысқартылуын растайтын материалдарды қоса бере отырып, шығындардың бап бойынша үнемдеуін растайтын материалдарды ұсынады:

конкурстық (тендерлік) комиссиялардың хаттамалары;

реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемін тұтынушылармен салыстырып-тексеру актілері және төлемге сомалар мен көлемдерді көрсету арқылы реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтыну көлемінің тізілімі ұсынылатын табиғи монополия салаларында коммуналдық қызметтерден басқа, төлемге қойылған шот-фактуралар;

мемлекеттік органнан және (немесе) жергілікті атқарушы органнан сұратылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің нақты көрсетілген көлемі туралы Субъектінің деректерін растайтын құжаттар;

Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың жаңа әдістері мен технологияларын енгізуі туралы қорытындысы.

15. Уәкілетті органмен уақытша өтемдік тарифті:

1) Субъектінің қызметін тексеру;

2) Субъект ұсынатын бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есептерді жыл сайынғы талдау нәтижелері бойынша бекітеді.

16. Уәкілетті органның ведомствосы осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген Заңның 26-бабының 2-тармағы 22) тармақшасының талаптарын ескеру арқылы фактілерді растау үшін Субъектіден кемінде бес жұмыс күні мерзімін белгілей отырып, қажетті ақпаратты сұрайды.

Бұл ретте есепті қарау Субъектіні хабардар етудің тиісті ақпаратын алғанға дейін тоқтатылады.

17. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.02.2023 № 60/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Уақытша өтемдік тариф шешім қабылданған күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық ставкасын ескере отырып бекітіледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 08.04.2019 № 119/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Уақытша өтемдік тарифті енгізу Субъектінің инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпаратына талдау және (немесе) Субъектінің тарифтік сметаны

орындауына талдау, тексерулер жүргізген айдан кейінгі екінші айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.

20. Субъект уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы ақпаратты тұтынушының назарына оны қолданысқа енгізгенге дейін кемінде 10 күнтізбелік күн бұрын жеткізеді.

21. Уақытша өтемдік тарифтің қолданылуы кезеңінде Субъекті ай сайын коммуналдық көрсетілетін қызметтерді төлеу туралы төлем құжатындағы реттеліп көрсетілетін қызметтердің құнына ескертпе түрінде берілген тарифтерді төмендету туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына жеткізеді.

Реттеліп көрсетілетін қызметтің құнына берілген ескертпеде уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсында жарияланған, уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы уәкілетті орган ведомствосының шешіміне сілтеме жасалып, тұтынушылардың қаражатын қайтару сомасын көрсетумен бағаны төмендету туралы ақпарат көрсетіледі.

22. Уәкілетті орган ведомствосының уақытша өтемдік тарифті бекіту туралы шешімі уәкілетті органның бұйрығымен ресімделеді. Қабылданған шешім туралы ақпарат уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылады.

23. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.02.2023 № 60/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Уақытша өтемдік тариф Субъектінің тұтынушыларға негізсіз алған табысын өтеген, оның ішінде сот шешімі бойынша толық өтеген жағдайда қолданылмайды.

25. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.02.2023 № 60/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген бұзушылықтар анықталған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы реттеліп көрсетілетін қызметтердің нақты көрсетілген көлемін және Субъект жол берген бұзушылықтар кезеңінде нақты алынған кірістерді айқындайды.

27. Осы Қағидалардың 13-тармағы 1) тармақшасында көзделген жағдайда, негізсіз алынған табыс мына формула бойынша айқындалады:

$$HT_1 = (T_1 - T) \times V_1,$$

мұнда:

HT_1 – Субъектінің негізсіз алынған табысы;

T_1 – Субъекті нақты қолданған көрсетілетін қызметтердің құны, теңге;

T – шешім қабылдаған күніне бекітілген тариф, теңге;

V_1 – бұзушылықтар жіберілген кезең ішінде Субъектінің нақты көрсеткен реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі.

28. Осы Қағидалардың 13-тармағында 2) тармақшасында көзделген жағдайда, негізсіз алынған кіріс мынадай формула бойынша айқындалады:

$$HT_2 = A_{\text{мақсатс}},$$

мұнда:

HT_2 – Субъектінің негізсіз алған табысы;

$A_{\text{мақсатс}}$ – бекітілген тарифте және (немесе) тарифтік сметада көзделген, табиғи монополия субъектісі амортизациялық аударымдар қаражаттарының есебінен реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынуда пайдаланылатын тіркелген активтерге күрделі қаржы салуға және тартылған кредиттік ресурстар бойынша негізгі қарызды қайтаруға байланысы жоқ мақсаттарға жұмсалған қаражат, теңге.

29. Осы Қағидалардың 13-тармағы 3) тармақшасында көзделген жағдайда, негізсіз алынған табыс мынадай формула бойынша айқындалады:

$$HT_3 =$$

Σ
ИБ_i

мұнда:

HT_3 – Субъектінің негізсіз алған табысы;

ИБ_i – тарифтерді немесе олардың шекті деңгейлерін бекіту кезінде ескерілген инвестициялық бағдарламаның орындалмаған – іс-шарасын толық немесе ішінара іске асыруға инвестициялық бағдарламада көзделген шығындар, теңге.

30. Осы Қағидалардың 13-тармағы 4) тармақшасында көзделген жағдайда, негізсіз алынған табыс мына формуламен айқындалады:

$$HT_4 =$$

Σ
Ш_i,

мұнда:

HT_4 – Субъектінің негізсіз алған табысы;

Ш_i – бекітілген тарифтік сметада ескерілген шығындармен салыстырғанда -бабы бойынша 5 пайыздан астам шығындарды толық игермеу, теңге.

31. Негізсіз алынған табыс (НТ) сомасы мынадай формула бойынша айқындалады:

$$HT = HT_1 + HT_2 + HT_3 + HT_4 + HT_{\text{бекітілген}} - HT_{\text{қайтар}},$$

мұнда:

$HT_{\text{бекітілген}}$ – қолданыстағы уақытша өтемдік тарифті бекіту кезінде ескерілген негізсіз алынған кіріс, теңге;

$HT_{\text{қайтар}}$ – шешім қабылданған күніне қайтарылған негізсіз алынған кіріс, теңге.

32. Негізсіз алынған табыстың түпкілікті сомасы шешім қабылдау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық ставкасын ескере отырып, мынадай формула бойынша айқындалады:

$$HT_k = HT_x(100+k), 100$$

мұндағы:

HT_k – Субъектінің негізсіз алған табысы;

HT_k – базалық ставкасын ескере отырып, негізсіз алынған табыс сомасы, теңге;

HT – бұзушылықтардың түрлері бойынша негізсіз алынған табыстың жалпы сомасы ;

k – шешім қабылдаған күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық ставкасы, %.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 08.04.2019 № 119/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Уақытша өтемдік тариф мынадай формула бойынша бір жылға айқындалады:

$$T_{\text{өтем.}} = \frac{T \times V - HT_k}{V_{\text{жыл}}},$$

мұнда:

$T_{\text{өтем.}}$ – уақытша өтемдік тариф, теңге;

$V_{\text{жыл}}$ – бекітілген тарифтік сметада ескерілген уақытша өтемдік тарифті енгізу кезеңіндегі реттеліп көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі.

34. Егер уақытша өтемдік тарифті есептеу кезінде тариф теріс мәнмен қалыптасса, уақытша өтемдік тариф үш жылға дейінгі мерзіммен мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_{\text{өтем.}} = \frac{T \times V - \left(\frac{HT_k}{n} \right)}{V},$$

мұнда:

$T_{\text{өтем.}}$ – уақытша өтемдік тариф, теңге;

V – бекітілген тарифтік сметада ескерілген уақытша өтемдік тарифті енгізу кезеңіндегі реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі;

n – есептеу кезінде тарифтің қандай кезеңде оң мәнмен қалыптасқанына байланысты болатын уақытша өтемдік тарифтің қолданылу кезеңі.

4-тарау. Тарифтерді оңайлатылған тәртіппен бекіту тәртібі

35. Уәкілетті орган:

- 1) алғаш рет құрылған табиғи монополия субъектісінің;
- 2) жаңа реттеліп көрсетілетін қызметті (жаңа реттеліп көрсетілетін қызметтерді) көрсететін табиғи монополия субъектісінің;
- 3) егер қолданыстағы тариф объектілер және (немесе) учаскелер бойынша бөлек бекітілген болса, жаңа объектілерді және (немесе) учаскелерді сатып алған (салған) жағдайда реттеліп көрсетілетін қызметке тарифті оңайлатылған тәртіппен бекітеді.

Уәкілетті орган ведомствосы және Субъектілер тариф пен тарифтік смета жобаларын бекіту туралы өтінім ұсынған және шешім қабылдау сәтінде осы Қағидалармен бекітілген тарифте ескерілетін шығындар көлемін шектеу тәртібін, Тарифте ескерілетін және ескерілмейтін шығындар тізімін басшылыққа алады.

36. 35-тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген Субъект уәкілетті орган ведомствосының оны Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу туралы хабарламасын алған сәттен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде өтінімді уәкілетті органның ведомствосына электрондық нысанда ұсынады.

35-тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген Субъект жаңа объектілерді және (немесе) учаскелерді сатып алған (салған) сәттен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органның ведомствосына өтінімді электрондық нысанда ұсынады.

37. Жасалған мәміленің нәтижесінде немесе банкрот деп танылған борышкер – Субъектінің мүліктік жиынды іске асыру нәтижесінде оның меншігіне түскен Субъект жаңа тариф бекітілгенге дейін, бірақ активтер түскен күннен бастап алты айдан жоғары емес мерзімде осы активтердің алдыңғы меншік иесі үшін бекітілген тариф бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушыға ұсынуды жалғастыра береді.

38. Субъектінің өтініміне қоса беріледі:

- 1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес бекітілген тарифтің жобасы;
- 2) жобалық қуат туралы деректер;
- 3) таратып жазылған қосымшасы бірге берілген кредиторлық және дебиторлық берешектің болуы немесе болмауы туралы деректер;
- 4) персонал санының нормативтерін есептеу;
- 5) салалық техникалық және технологиялық нормаларды, сондай-ақ нормативтік техникалық шығындарды есептеу;
- 6) негізгі құралдарды пайдалану мерзімдерін көрсете отырып амортизациялық аударымдарды есептеу;
- 7) негізгі өндірістік қорларды жұмыс жағдайында ұстау үшін қажетті шығындар сметасының жобасы;

8) осы Қағидаларға 3-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша тарифтік сметаның жобасы;

9) мемлекеттік мүлікті немесе мемлекеттік кәсіпорынды басқару жөніндегі органның басшылардың еңбегіне ақы төлеу қорын және лауазымдық жалақыларын белгілеу туралы шешімі (мемлекеттік кәсіпорындар не мемлекеттің қатысу үлесі басым кәсіпорындар үшін);

10) мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті және табиғи монополия субъектісінің мүмкіндіктері шегінде белгілеген ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес жалпыға бірдей қызмет көрсету міндетін негізге ала отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтердің жоспарланатын көлемін растайтын құжаттар (ниет хаттамалары және (немесе) шарттар, тауарларды өндіру көлемінің есептері).

39. Қуатты аз Субъектінің өтініміне қоса берілетін есептер мен негіздеуші материалдар реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түріне электронды үлгіде ұсынылады.

40. Уәкілетті органның ведомствосы Субъектінің өтінімін алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей қоса беріліп отырған есептердің және осы Қағидалардың 38-тармағына сәйкестігін негіздеуші материалдардың толықтығын тексереді және Субъектіні өтінімді қарауға қабылданғаны туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

41. Уәкілетті органның ведомствосы тарифті оңайлатылған тәртіппен бекітуге арналған өтінімді ол ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде қарайды.

Тариф жобасын қарау мерзімі уәкілетті органның ведомствосына өтінім келіп түскен күннен бастап есептеледі.

Қосымша ақпаратты уәкілетті органның ведомствосы Субъектіден оны ұсыну мерзімдерін, бірақ кемінде 5 (бес) жұмыс күнін көрсете отырып, жазбаша түрде сұратады.

Бұл ретте Субъекті бұл жөнінде хабардар еткені туралы қажетті ақпарат алынғанға дейін өтінімді қарау тоқтатыла тұрады.

42. Уәкілетті органның ведомствосы тариф оңайлатылған тәртіппен бекітілгенге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей жария тыңдаулар өткізеді.

43. Тарифті бекіту туралы шешім уәкілетті органның ведомствосының бұйрығы түрінде ресімделеді және оны бекіту туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей Субъектіге жіберіледі.

Тарифті бекіту туралы шешіммен Субъекті өтініммен ұсынған шығындардың, пайданың баптарын өзгерту мен нақтылаудың негіздемесі жіберіледі.

Уәкілетті орган бекітілген тарифтер мен тарифтік сметаларды оларды бекіту туралы шешім қабылданған соң бес жұмыс күнінен кешіктірмей интернет-ресурсына орналастырады.

44. Оңайлатылған тәртіппен бекітілген тарифтің қолданылу мерзімі 12 (он екі) айдан аспайды.

45. Тарифті қолданысқа енгізу тариф бекітілген айдан кейінгі айдың 1 (бірінші) күнінен бастап жүзеге асырылады.

46. Субъектілер тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей бұл туралы тұтынушыларды өзінің интернет-ресурсында не тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында тарифтің, бекітілген тарифтік сметаның өзгеру себептерін қамтитын ақпаратты орналастыру арқылы хабардар етеді.

47. Субъект бес жұмыс күні ішінде уәкілетті орган ведомствосына тұтынушыларды хабардар ету фактісі туралы ақпарат ұсынады.

Егер Субъект осы Заңмен белгіленген мерзімде тарифтің енгізілуі туралы тұтынушыны хабардар етпесе, онда уәкілетті орган ведомствосы шешімінде белгілеген мерзімнен бастап көрсетілген тариф енгізілмейді. Бекітілген тарифті енгізу тариф бекітілген айдан кейінгі айдың 1 (бірінші) күнінен бастап жүзеге асырылады.

5-тарау. Инвестициялық бағдарламаны бекіту және оны өзгерту тәртібі

48. Субъектінің инвестициялық бағдарламасы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін және Қазақстан Республикасын дамыту басымдылықтарын ескеру арқылы әзірленеді және мынадай:

1) реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың технологиялық циклында тікелей пайдаланылатын қолданыстағы активтерді кеңейту, жаңғырту, қайта жаңарту, жаңарту, жаңа активтерді құруға;

2) энергия үнемдеуді және энергия тиімділігін арттыруды қамтамасыз етуге;

3) ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған іс-шараларды көздейді.

49. Инвестициялық бағдарламаның бюджетін жоспарлау және жасау табиғи монополияның субъектісі ұсынатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің тарифінде ескерілетін, шығындар көлемін шектеу тәртібіне, Тарифте ескерілетін және ескерілмейтін шығындардың тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

50. Инвестициялық бағдарлама тарифтің қолданылу мерзіміне бекітіледі.

51. Бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыру және оны іске асыру үшін тартылған қарыз қаражатын қайтару:

тарифте ескерілген пайда және амортизациялық аударымдар есебінен;

өзге де көздер, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған есебінен жүзеге асырылады.

52. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.02.2023 № 60/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту туралы өтінішке қоса беріледі:

1) инвестициялық бағдарламаның жобасы;

2) Субъектінің инвестициялық бағдарламасы жобасының тиімділік көрсеткіштері;

3) сатып алынатын негізгі құралдардың құнын көрсете отырып, инвестициялық бағдарламаны іске асыруға арналған инвестициялық шығындар, баға деңгейінің салыстырмалы талдауын қоса бере отырып, құрылыс-монтаж жұмыстары туралы ақпарат, оның ішінде осындай жұмыстарды жүргізу қажеттілігін құжаттамалық техникалық растауды, жиынтық сметалық есептер, әрбір объект бойынша жеке объектілік, жергілікті және ресурстық сметалар, бизнес-жоспар, прайс-парақтар, шарттардың көшірмелері, белгіленген тәртіппен сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттама (болған жағдайда) және т. б.;

4) қаржыландырудың болжамды мөлшері мен алдын ала шарттарын, оның ішінде қарыз ресурстарын (қарыз қаражаты бойынша сыйақы пайызын, қаржыландыру кезеңі, комиссиялық төлемдер, қарыз қаражатын қайтару мерзімдері мен шарттарын көрсете отырып) не банкпен жасалған шартты (негізгі борыш пен пайыздарды өтеу кестесін қоса бере отырып) растайтын құжаттар;

5) егер инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін республикалық, жергілікті бюджеттерден қаражат бөлінген немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен кредиттер (инвестициялар) тартылған жағдайда, инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың мөлшері мен шарттарын растайтын құжаттар;

6) Субъектінің болжамды тарифі және тарифтік сметасын қоса бере отырып, Субъекті жоспарлаған инвестициялық бағдарламаның оны іске асыру кезеңінде оның тарифтеріне әсер ету болжамы.

54. Қоса берілген құжаттар тігіледі, нөмірленеді және оған Субъектінің басшысы не оны алмастыратын тұлға не субъект басшысының орынбасары қол қояды. Бұл талап өтінішті электрондық нысанда ұсынғанда қолданылмайды.

55. Субъектінің инвестициялық бағдарлама жобасы мынадай критерийлердің кемінде біреуіне сәйкес келетін іс-шаралардың мазмұнымен әзірленеді:

1) Шикізат, материалдар, отын, энергия шығыстарын төмендету;

2) ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемін ұлғайту және (немесе) сапасын арттыру;

3) субъектінің технологиялық процесін басқарудың ақпараттық жүйелерін енгізу және (немесе) электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерін, технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйелерін енгізу;

4) негізгі құралдардың тозуын төмендету;

5) инвестициялық бағдарламаға енгізілген іс-шараларды іске асырудан Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметінің сапасын, сенімділігін және тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету;

56. Инвестициялық бағдарламаны бекітуге өтінішті немесе бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгертуге өтінішті алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органның ведомствосы мынадай жағдайларда Субъектіні және өзге де мемлекеттік органды және (немесе) жергілікті атқарушы органды оның қарауға қабылданғаны туралы не оны қарауға қабылдаудан бас тарту туралы мынадай:

1) субъектінің осы Қағидалардың 53-тармағында көрсетілген құжаттар пакетін толық ұсынбаған;

2) ұсынылған инвестициялық бағдарламаның осы осы Қағидалардың 55-тармағында көрсетілген критерийлерге сәйкес келмеген;

3) Егер жаңа инвестициялық бағдарламаны іске асыру немесе бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту (мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруды қоспағанда) бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асырудың қалған мерзіміне тарифті арттыруды талап еткен жағдайларда жазбаша хабардар етеді.

57. Инвестициялық бағдарламаның жобасы мыналарды қарастырылады:

1) Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтауы және табиғи монополия субъектісі қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу мәніне;

2) ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігін арттыру мақсатында реттеліп көрсетілетін қызметтерге тұтынушылардың сұранысын технологиялық негізділік және қанағаттандыру тұрғысынан реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру.

58. Инвестициялық бағдарламаның жобасын қарау кезінде мынадай:

1) осы Қағидалардың 48-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмейтін;

2) қаржыландыру көзімен қамтамасыз етілмеген;

3) негіздеме құжаттармен расталмаған іс-шаралар алып тасталады.

Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес инвестициялық бағдарламаның барлық іс-шараларын алып тастау инвестициялық бағдарламаны бекітуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

59. Инвестициялық бағдарлама жобасын қараған кезде уәкілетті органның ведомствосы оны іске асыру кезеңінде тарифтерге әсерін айқындау мақсатында тиімділікке экономикалық және қаржылық бағалау жүргізеді.

60. Табиғи монополия Субъектісі жоспарлаған инвестициялық бағдарламаны қарау нәтижелері бойынша уәкілетті органның ведомствосы:

инвестициялық бағдарламаны бекітеді;

немесе дәлелді қорытындыны қоса бере отырып, инвестициялық бағдарламаны бекітуден бас тарту туралы табиғи монополия субъектісін хабардар етеді.

Инвестициялық бағдарламаны бекіту туралы шешімнің жобасы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық бағдарламаны бекітуді көздейді.

61. Заңның 21-бабының 3-тармағына сәйкес уәкілетті органның ведомствосы табиғи монополия субъектісі жоспарлаған инвестициялық бағдарламаны оны бекітуге ұсыну кезеңінде, бекітілген инвестициялық бағдарламаны – оны іске асыру кезеңінде, осы Қағидаларда айқындалатын жағдайларда және тәртіппен өзгертеді.

62. Инвестициялық бағдарлама уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі.

63. Табиғи монополия субъектісінің бекітілген инвестициялық бағдарламасын уәкілетті органның ведомствосы шешім қабылданған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

64. Инвестициялық бағдарламаны бекіту туралы шешімнің көшірмесін уәкілетті орган табиғи монополия субъектісіне шешім қабылданған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей жібереді.

65. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.02.2023 № 60/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. Бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту туралы өтінішке мыналар қоса беріледі:

1) инвестициялық бағдарламаға өзгерістер енгізуді негіздейтін материалдарды (бизнес-жоспар, прайс-парақтар, шарттардың көшірмелері, орындалған жұмыстар актілерінің көшірмелері, белгіленген тәртіппен сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттама) (бар болған жағдайда) қоса бере отырып, өзгерістерді ескерілген инвестициялық бағдарламаның жобасы;

2) бекітілген инвестициялық бағдарламаға жаңа іс-шаралар енгізілген жағдайда растайтын материалдар қоса беріледі;

3) негіздеуші материалдарды қоса бере отырып, инвестициялық бағдарламаға өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы Субъектіні бағалау;

4) қарыз қаражатын қаржыландырудың және қайтарудың ықтимал шарттары;

5) егер инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттерден қаражат бөлінсе немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен кредиттер (инвестициялар) тартылса, онда қаржыландырудың мөлшері мен шарттарын растайтын құжаттар ұсынылады.

Қоса беріліп отырған құжаттар тігіледі, нөмірленеді және Субъекті басшысының не оны алмастыратын адамның не Субъекті басшысының орынбасары қол қояды. Бұл талап өтініш электрондық нысанда ұсынылғанда қолданылмайды.

67. Субъект бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын өзіне байланысты емес себептер бойынша орындамаған жағдайда (шарттың басқа тарапының міндеттемелерін орындамауы, конкурсты (тендерді) еңсерілмейтін күш салдарынан өтпеді деп тану) инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындау мерзімдері

инвестициялық бағдарламаның іс-шаралары іске асырылған жылдан кейінгі жылдың 1 (бірінші) наурызына дейін инвестициялық бағдарламаны өзгерту жолымен келесі жылға ауыстырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайда, Субъект инвестициялық бағдарламаның іс-шаралары іске асырылған жылдан кейінгі жылдың 15 қаңтарынан кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті орган ведомствосының атына осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайлардың басталғанын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту туралы өтініш жібереді.

Инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындау мерзімдерін қайта ауыстыруға жол берілмейді.

68. Субъектінің инвестициялық бағдарламасын өзгерту туралы шешім инвестициялық бағдарламаның іс-шаралары іске асырылған жылдан кейінгі жылдың 1 наурызынан кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органның бұйрығымен ресімделеді.

6-тарау. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай алғанда реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлек есепке алуды жүргізу тәртібі

69. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша кірістер, шығындар мен тартылған активтер туралы ақпаратты жинау және қорыту жүйесін, сондай-ақ байланыс операторларының реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша кірістер, шығыстар мен тартылған активтер туралы есептердің ақпараты негізінде уәкілетті органның ведомствосына кезең-кезеңмен жасауы және ұсынуы бөлектеп есепке алуды жүргізу болып табылады.

70. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің бағасын белгілеу үшін Субъектілер тарихи шығындарды толық бөлу әдісі бойынша кірістердің, шығындар мен тартылған активтердің бөлек есебін жүргізеді.

71. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.02.2023 № 60/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.02.2023 № 60/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.02.2023 № 60/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.02.2023 № 60/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

75. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі

министрінің 21.02.2023 № 60/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

76. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.02.2023 № 60/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

77. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.02.2023 № 60/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

78. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.02.2023 № 60/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.02.2023 № 60/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

80. "Бөгде және халықаралық байланыс операторларымен келісімдер бойынша шығыстар" деген шығындардың баптарында бөгде және шетелдік байланыс желілерінің басқа операторларының қосылу, трафикті өткізу және басқаларының қызметтеріне есепті кезеңде көрсетілген қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығыстар көрсетіледі.

"Бөгде және халықаралық байланыс операторларымен келісімдер бойынша шығыстар" тиісті бизнес-процеске және/немесе тиісті байланыс қызметтеріне жатады.

81. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.02.2023 № 60/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

82. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.02.2023 № 60/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

83. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.02.2023 № 60/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

84. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.02.2023 № 60/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

85. Субъектінің бөлу базалары тиісті калькуляциялау объектісіне жататын шығындар мөлшерімен өлшенеді және өзара байланысты болады. Көрсеткіштің мәні статистикалық, жедел-техникалық (өндірістік) немесе бухгалтерлік есеп деректерімен және тиісті құжаттармен расталады.

86. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.02.2023 № 60/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

87. Субъектілердің шығындарының, ресурстарының, бизнес-процестерінің тізбесі субъектінің қалауы бойынша қосымша нақтыланатын және кеңейтілетін ең аз тізбелер болып табылады.

88. Реттеліп көрсетілетін және реттеліп көрсетілмейтін қызметтердің әрбір түрін беруден түскен кірістер көрсетілген қызметтер түрлері көрсетілген қызметтердің тиісті түрінің және Тарифтердің көлемдері негізге алына отырып айқындалады.

89. Субъектінің қызметтерін көрсетуден түскен кірістер бастапқы құжаттар мен қаржылық есептілік деректерінің негізінде реттеліп көрсетілетін және реттеліп көрсетілмейтін қызметтердің түрлері бойынша тікелей жатқызылады.

90. Кірістердің бастапқы есебі автоматтандырылған, биллинг жүйелерінде жүргізіледі, олар көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша кірістердің есебін нақтылауды растайды.

91. Субъектілер уәкілетті орган ведомствосына ұсынатын есептілік мыналарды қамтиды:

1) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шығындар мен тартылған активтерді экономикалық ресурстарға бөлу туралы есеп;

2) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экономикалық ресурстарға байланысты шығындар мен тартылған активтерді бизнес-процестерге бөлу туралы есеп ;

3) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосалқы бизнес-процестердің шығындары мен тартылған активтерін өндіріс және басқару бизнес-процестеріне бөлу туралы есеп;

4) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша басқарудың бизнес-процестерінің шығындары мен тартылған активтерін қызмет бағыттарына және қызметтерге бөлу туралы есеп;

5) осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндіріс бизнес-процестерінің шығындары мен тартылған активтерін қызмет бағыттарына және қызметтерге бөлу туралы есеп;

6) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бірлескен және жалпы шығындар мен басқару бизнес-процестерінің активтерін қызмет бағыттарына және қызметтерге бөлу туралы есеп;

7) осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндірістік бизнес-процестердің бірлескен және жалпы шығындары мен активтерін қызмет бағыттарына және қызметтерге бөлу туралы есеп;

8) осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді қызмет бағыттарына және қызметтерге қорытынды бөлу туралы есеп.

9) осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шығындарды бөлу және активтерді ресурстарға топтау, желі элементтері мен қызметтерге тікелей шығындарды топтау туралы есеп;

10) осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресурстармен байланысты шығындар мен тартылған активтерді бизнес-процестерге бөлу туралы есеп ;

11) осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосалқы бизнес-процестерге байланысты шығындар мен тартылған активтерді негізгі бизнес-процестерге және менеджменттің бизнес-процестеріне бөлу туралы есеп;

12) осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша негізгі бизнес-процестерге және менеджменттің бизнес-процестеріне байланысты шығындар мен тартылған активтерді көлік желісінің элементтеріне бөлу туралы есеп;

13) осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша негізгі бизнес-процестермен, менеджменттің бизнес-процестерімен және көлік желісінің элементтерімен байланысты шығындар мен тартылған активтерді базалық желі және абоненттік қолжетімділік желісі элементтеріне қорытынды топтастыру туралы есеп;

14) осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша желі элементтерімен, негізгі бизнес-процестермен, менеджменттің бизнес-процестерімен және тікелей шығыстармен байланысты шығындар мен тартылған активтерді тиісті қызметтерге қорытынды топтастыру туралы есеп.

7-тарау. Табиғи монополия субъектісі пайдасының жол берілетін деңгейін айқындау тәртібі

92. Пайданың жол берілетін деңгейі өнімнің, тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) әрбір түрі бойынша шығындарды бөлек есепке алу негізінде айқындалады.

93. Субъектіде өнімнің, тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) түрлері бойынша шығындарды бөлек есепке алу болмаған жағдайда, пайданың жол берілетін деңгейі тарифтің қолданылу кезеңінің әрбір жылына мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ПЖД_i = ПС_i \times ТАРБ_i,$$

мұндағы:

i – тарифтің қолданылу кезеңінің жылы, жыл;

$ПС_i$ – тартылған активтердің реттелетін базасына пайда ставкасы;

$ТАРБ_i$ – тартылған активтердің реттелетін базасы, теңге.

94. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.02.2023 № 60/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

95. "Халықтық IPO" бағдарламасы шеңберінде акцияларды бағалы қағаздар нарығына шығаруды жүзеге асырған субъектілерді қоспағанда, акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар мен акционерлік қоғамдардың, сондай-ақ олармен аффилиирленген заңды тұлғалардың тартылған активтерінің реттелетін базасы активтердің іске қосу коэффициентіне активтердің нақты құнының көбейтіндісі ретінде мынадай формула бойынша айқындалады:

$$РБА=АҚ \times Так,$$

мұндағы:

АҚ – активтердің нақты құны (теңге),

Так – тартылған активтердің коэффициенті.

96. Активтердің іске қосу коэффициенті табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдарымен өндірілетін және (немесе) көрсетілетін (нормативтік ысыраптарды ескере отырып) қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) нақты көлемінің (алдыңғы төрт тоқсан үшін немесе өткен күнтізбелік жыл үшін) олардың технологиялық қуатына арақатынасы ретінде айқындалады.

97. Активтердің нақты құны конкурстық негізде іріктелген тәуелсіз бағалаушылар оларды қайта бағалау нәтижесінде алынған Субъектілердің негізгі құралдарының қалдық құны негізінде айқындалады.

98. Субъектілердің қызмет (жұмыс) бірлігіне арналған тарифтердің (алымдар ставкаларының) кіріс бөлігінің есебі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$D_i = A_i * r * K_{i \text{ поп}} / Q_i$$

мұндағы:

D_i – қызмет (жұмыс) бірлігіне шаққандағы i тарифтің (алым ставкасының) кіріс бөлігі;

A_i – i қызметке (жұмысқа) жатқызылған, тартылған активтердің реттелетін базасы;

r – тартылған активтердің реттелетін базасына пайда ставкасы;

$K_{i \text{ поп}}$ – қызметтің нақты түріне түзету коэффициенті;

Q_i – i қызметтің (жұмыстың) есептік (жоспарланған) көлемі.

Қызметке тарифтің (алым ставкасының) шамасы мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_i = 3i + D_i + ПС_i$$

мұндағы:

ПС $_i$ – формула бойынша есептелетін пайдаға салынатын салық деңгейі:

$$НП_i = D_i * 100 : (100 - C) - D_i$$

мұндағы:

C – пайдаға салынатын салық ставкасы % - бен.

99. Тартылған активтердің реттелетін базасына пайда ставкасы ұйым капиталының бағасы ретінде айқындалады және орташа арифметикалық мөлшерленген формула бойынша болады:

$$r = r_e * W_e + r_d * W_d$$

мұндағы:

r_e – меншікті қаражат есебінен қаржыландыру құны %-бен немесе меншікті капитал бағасы;

W_e – меншікті қаражаттың үлес салмағы;

r_d – қарыз қаражаты есебінен қаржыландыру құны %-бен немесе қарыз капиталының бағасы;

W_d – қарыз қаражатының үлес салмағы.

100. Меншікті капитал бағасы (r_e) үш бөліктен тұрады:

r_{ln} – негізгі қорлардың тозу тәуекелін көрсететін құрамдас бөлік;

r_f – капиталды тәуекелсіз салу үшін кірістілік көрсеткіші (Қазақстандағы инвестициялаудың тәуекелсіз нысаны болып саналатын тәуекелсіз ставка);

R_p – тәуекел үшін сыйақы.

101. Негізгі қорлардың тозу тәуекелі (r_{ln}) келесі өрнектің көмегімен бағаланады:

$$r_{ln} = \left(\frac{I}{C_e} \frac{Z_3}{Z_{суб}} \right)$$
$$I = \sum \left(\frac{C_{ui}}{t_i} \right)$$

мұндағы:

I – амортизациялық аударымдармен жабылмайтын, i -қызметке (жұмысқа) негізгі құралдарды қалпына келтіру үшін инвестицияларға қажеттілік (өтіп кеткен тозу);

Z_3 – табиғи монополия субъектісінің инвестициялық жоспарына сәйкес реттеу кезеңінде i -қызметке (жұмысқа) негізгі құралдарды қалпына келтіруге бағытталған қарыз қаражатының көлемі;

$Z_{суб}$ – табиғи монополия субъектісінің инвестициялық жоспарына сәйкес жоспарланатын кезеңге арналған i -қызметке (жұмысқа) негізгі құралдарды қалпына келтіруге арналған мемлекеттік субсидиялардың орташа жылдық көлемі;

C_e – меншікті капиталдың құны;

C_{ui} – негізгі құралдардың бастапқы және қалдық құнының айырмасы ретінде i -қызметке (жұмысқа) арналған негізгі құралдардың i -тобының жинақталған тозуы;

t_i – негізгі құралдардың i -тобының нормативтік қызмет мерзімі. Мұнда TNI әр топтың ішіндегі орташа өлшенген шамалар ретінде анықталған.

Тәуекелсіз ставка (r_f) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық ставкасының деңгейіне тең қабылданады.

Ескерту. 101-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 08.04.2019 № 119/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

102. Тәуекел үшін сыйлықақы (RP) өндірістік-технологиялық (r_{max}) операциялық (r_{op}) және қаржылық (r_{fin}) тәуекелдерден тұрады.

Субъектіге байланысты емес себептер бойынша болған технологиялық авариялардың салдарынан пайда жоғалтуын жабу үшін өндірістік-технологиялық тәуекел (r_{tex}) көзделген табыстың, негізгі құралдардың және тауарлық-материалдық қорлардың жоғалуына әкеп соғуы мүмкін саланың тәуекелдерге ұшырау дәрежесін көрсетеді.

Осы көрсеткішті есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$r_{tex} = \frac{Z_a}{C_e}$$

мұндағы:

Z_a – жылына орташа алғанда авариялар және табиғи апаттардың салдарын жоюға арналған шығындар.

103. Авариялардың саны бойынша деректер болмаған және авариялардың болу ықтималдығын анықтау мүмкін болмаған кезде негізгі құралдардың тозу дәрежесі бойынша технологиялық тәуекелді бағалау үшін амортизациялық аударымдардың үлестерін ранжирлеу шкаласын пайдалану ұсынылады:

Негізгі құралдардың тозу дәрежесіне байланысты технологиялық тәуекелді анықтау шкаласы:

	Тозу дәрежесі %			
	30%-ға дейін	30-40%	40-50%	50%-дан жоғары
Амортизациялық аударымдардың жылдық нормасының үлесіндегі өндірістік-технологиялық тәуекелдің мәні (r_{tex})	0,3	0,5	0,75	1

104. Жұмыстардың көлемін төмендетуден алынған табыстың шығынын жабуға арналған операциялық тәуекелдер (гор) (жұмыстардың көлемдері ұлғайған жағдайда осы тәуекел қолданылмайды) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$r_{гор} = \frac{0.5 * (V - Z_{пер})}{C_e} * \frac{\Delta V}{V}$$

мұндағы,

V – осы қызметтен (жұмыстан) есепті кезеңдегі түсім (кіріс),

Z_{пер} – есепті кезең ішіндегі ауыспалы (қызметтердің көлеміне қарай) шығындар немесе і-й көрсетілетін қызметіне болжамдалған мән,

ΔV

– болжамдалған жыл ішінде і-қызметінен алынған табыстың өзгеруі.

105. Ұйымның қаржылық ресурстарының шығыны ықтималдығына байланысты қаржылық тәуекел (rfin), мынадай формула бойынша анықталады:

$$\Delta l_{\pi} = 0.5 * \frac{\Delta V}{V} * \frac{V - Z_{пер}}{\pi_{баз}}$$

$$r_{fin} = \frac{\pi_{баз} * (1 - H) * \Delta l_{\pi}}{C_e}$$

мұндағы:

H – пайдаға салынатын салық ставкасы,

$\pi_{баз}$

– ұйымның есепті жыл ішіндегі жалпы табысы,

Δl_{π}

– і-қызметті (жұмысты) көрсетуден түскен пайданың түсу деңгейі.

Қаржылық тәуекелдің мәні тәуекелдің көптеген түрлері үшін қабылданғанындай 0-ден 5% - ға дейінгі шектерде шектелген.

Қарыз капиталының бағасы (rd) банктік несие бірліктері (rdk) бағасының сомасы және ұйым қаражатының көзі ретінде облигациялық қарыз бағасының сомасы болып табылады (rdo) (ұйымда облигациялар болмаған жағдайда облигациялық қарыз бағасы есептелмейді), олар формулалар бойынша айқындалады:

$$r_{dk} = p_1 \cdot (1 - H)$$

$$r_{do} = \left[\frac{C_H \cdot p_2 + \frac{C_H - C_P}{t}}{\frac{C_H - C_P}{2}} \right] \cdot (1 - H)$$

мұндағы:

r_{dk} – банктік несие бірлігінің бағасы;

r_{do} – ұйым қаражатының көзі ретінде облигациялық қарыз бағасы;

P_1 – банкке төленетін пайыз;

H – пайдаға салынатын салық ставкасы;

P_2 – пайыз ставкасы;

C_H – қарыздың шамасы (жалпы құны);

C_P – облигациялардың сатылатын бағасы;

t – қарыз мерзімі (жыл саны).

106. Қызмет бірлігіне арналған тарифтің шығыс және кіріс бөліктерін қосу Субъектінің қызметтеріне арналған тарифті айқындайды.

8-тарау. Уәкілетті орган бекіткен тарифті оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзгерту тәртібі

107. Уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифті оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзгерту уәкілетті орган ведомствосының немесе Субъектінің бастамасы бойынша жылына бір реттен жиі емес жүзеге асырылады.

108. Уәкілетті орган ведомствосы бекіткен тарифті оның қолданылу мерзімі өткенге дейін өзгерту негіздері:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төтенше жағдайды жариялау;
- 2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер ставкаларын өзгерту;
- 3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруға байланысты бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту;
- 4) ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемін ұлғайту;
- 5) реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтамау ;
- 6) табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізбеу.

109. Осы Қағидалардың 108-тармағының 4), 5) және 6) тармақшаларында көзделген негіздерді қоспағанда оның қолданылу мерзімі өткенге дейін тариф өзгерген жағдайдашығындардың тиісті бабы өзгереді.

Осы тәртіптің 108-тармағының 6) тармақшасына сәйкес оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін тариф өзгерген кезде бекітілген тарифтік сметада осы Қағидаларда айқындалған инвестициялық шығындар (пайда, амортизациялық аударымдар, негізгі құралдар құнының өсуіне алып келетін күрделі шығындар) алынып тасталады.

110. Алып тасталды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.02.2023 № 60/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

111. Тарифті және тарифтік сметаны өзгертуге арналған өтінімге қоса беріледі:

1) уәкілетті орган бекіткен тарифтің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін оның өзгеру себептері көрсетілген түсіндірме жазба;

2) осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дайындалған тарифтік сметаның жобасы,

3) уәкілетті орган бекіткен тарифті оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзгерту қажеттігін растайтын құжаттар.

112. Уәкілетті орган ведомствосы тарифті өзгерту туралы өтінімді оның қолданылу мерзімі өткенге дейін қарау мерзімі:

1) осы Тәртіптің 2-тармағының 1), 2), 3) және 5) тармақшаларында, ұсынылған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайды;

2) осы Тәртіптің 2-тармағының 6) тармақшасында көзделген жағдайларда, ол ұсынылған күннен бастап отыз жұмыс күнінен аспайды.

Уәкілетті органның бастамасы бойынша тариф өзгерген жағдайда табиғи монополия Субъектісі тиісті ақпаратты алған күннен бастап бір ай мерзімде экономикалық негізделген есептер мен материалдарды ұсынуға міндетті.

113. Егер өтінімді қарау кезінде қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, уәкілетті орган ведомствосы оны бес жұмыс күнінен кем емес мерзімді белгілей отырып, жазбаша түрде сұратады.

Сонымен бірге өтінімді қарауға қажетті ақпаратты алғанға дейін бұл туралы Субъектіге хабарлай отырып тоқтатыла тұрады.

114. Осы Қағидалардың 108-тармағының 4), 5), және 6) тармақшаларында қарастырылған жағдайларда тарифті бекіту кезінде уәкілетті орган ведомствосы оны бекіткенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей жария тыңдаулар өткізеді.

115. Тарифті бекіту туралы шешім уәкілетті органның бөлім басшысының бұйрығымен ресімделеді.

116. Осы тәртіптің 2-тармағына сәйкес өзгертілген тарифті қолданысқа енгізу уәкілетті орган ведомствосы белгілеген күннен бастап жүзеге асырылады.

117. Табиғи монополия субъектісі тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тарифтің, бекітілген тарифтік сметаның өзгеру себептерін көрсететін ақпаратты бере отырып, бұл туралы тұтынушыларды хабардар етеді.

9-тарау.Тарифте ескерілетін және ескерілмейтін шығындар тізбесі, тарифте ескерілетін шығындар мөлшерін шектеу тәртібі

118. Тарифтер мен тарифтік сметалардың жобаларын қалыптастыру осы Қағидаларға сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша табыстарды, шығындар мен тартылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу тәртібіне сәйкес, Субъект әзірлейтін және бекітетін реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу әдістемесі негізінде жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру заңнамасының талаптарына сәйкес шығыстар баптарын қалыптастыру жүзеге асырылады.

119. Тарифтің қолданылу кезеңінің бірінші (базалық) жылына жоспарланатын шығыстар баптары өтінім беру жылының алдындағы жыл үшін реттеліп көрсетілетін қызметке нақты шығындар негізінде, өтінім беру алдындағы төрт тоқсан үшін шығындар туралы нақты деректер негізінде түзетулер ескеріле отырып, тарифтің қолданылу кезеңінің кейінгі жылдарына жоспарланатын шығыстар баптары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамын (инфляция) ескере отырып, бірінші (базалық) жылдың көрсеткіштері негізінде жасалады (Субъект басқа субъектілерден реттеліп көрсетілетін қызметтерді сатып алған жағдайда).

120. Тарифтік смета жобасында Инвестициялық бағдарламасында көзделген параметрлер (көрсеткіштер) ескеріледі.

121. Субъектінің тарифіне енгізілетін шығындарды реттеу олардың экономикалық негізділігін ескере отырып, тарифте ескерілетін шығындардың түрлері мен мөлшерін шектеу жолымен жүзеге асырылады.

Реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтік сметаны қалыптастыру кезінде шығындар мөлшерін шектеу тәртібіне ұсынады және Субъект негіздеуші құжаттарды ұсына отырып растайды.

122. Тарифтің шығын бөлігінің өндірістік шығыстарына:

- 1) материалдық шығыстар;
- 2) өндірістік қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстар;
- 3) амортизация;
- 4) негізгі құралдар құнының өсуіне әкелмейтін жөндеуге арналған шығыстар;

5) реттеліп көрсетілетін қызметке тікелей қатысты өзге де өндірістік шығыстар жатады.

123. Тарифтің шығын бөлігі кезеңінің шығыстарына:

- 1) әкімшілік қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстар;
- 2) сақтандырудың міндетті түрлеріне арналған шығыстар, салықтар, алымдар мен төлемдер;
- 3) өзге әкімшілік шығыстар;
- 4) сыйақылар төлеуге арналған шығыстар жатады.

124. Тарифтің шығын бөлігінің өндірістік шығыстары тарифтің шығын бөлігіне былайша енгізіледі:

1) тарифтің шығын бөлігіне енгізілетін материалдық шығыстар шикізаттың, материалдардың, отынның, энергияның тендерлік (конкурстық) сатып алудың нақты нәтижелері бойынша айқындалған, тарифті бекітуге өтінім берілген күні өндірілген материалдық ресурстар бағаларының негізінде өндірілген өнім (қызметтер, тауарлар, жұмыстар) бірлігін шығаруға арналған материалдық ресурстар (бұдан әрі – материалдық ресурстар) құнының және нақты көрсеткіштерді негізге ала отырып, Заңның 23-бабында белгіленген тәртіппен, бірақ байланыс саласында қолданыстағы үлгілік нормалар мен нормативтерден аспайтын материалдық ресурстар бағаларының негізінде айқындалады.

Тиісті салада қолданыстағы үлгілік нормалар мен нормативтер негізінде жүргізілген техникалық ысыраптардың есептеріне сәйкес нормативтік техникалық ысыраптардың деңгейіне байланысты шығыстар;

2) өндірістік қызметкердің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстар Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының (инфляция) көрсеткіштерін ескере отырып, нақты саны, бірақ субъект қызметкерінің нормативтік санынан аспайтын және қолданыстағы тарифтерде қабылданған орташа айлық жалақысы негізге алына отырып айқындалады.

Бұл ретте, қызметкерлер санының, шикізатының, материалдарының, отынының, энергиясының қажеттілігін есептеу байланыс саласындағы қолданылатын үлгілік нормалар мен нормативтердің негізінде жүргізіледі.

125. Кезең шығыстары тарифтің шығын бөлігінде былайша есептеледі:

1) әкімшілік персоналдың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстар Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының (инфляция) көрсеткіштерін ескере отырып, іс жүзіндегі саны, бірақ Субъект персоналының нормативтік санынан аспайтын және қолданыстағы тарифтерде қабылданған орташа айлық жалақысы негізге алына отырып айқындалады.

Әкімшілік қызметкердің санын қысқарту нәтижесінде әкімшілік қызметкердің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстар нақты үнемделген жағдайда, әкімшілік қызметкердің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстар тарифте бұрын бекітілген

тарифтік сметада көзделген мөлшерде ескеріледі, ал үнемдеу сомасын Субъект әкімшілік қызметкердің жалақысы деңгейін ұлғайтуға жібере алады.

Субъектілер басшыларының, олардың орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерлерінің және әкімшілік қызметкердің басқа да қызметкерлерінің лауазымдық айлықақылары бойынша шығындарға енгізілетін мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, субъектілердің әкімшілік қызметкерінің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстар штат кестесіне сәйкес Субъект қызметкерлерінің он бес реттен аспайтын лауазымдық айлықақыларының ең жоғары және ең төменгі деңгейінің арасындағы ара қатынасты негізге ала отырып шектеледі.

2) кезең шығыстарында ескерілетін міндетті сақтандыру түрлеріне, салыққа, алымдар мен төлемдерге арналған шығыстар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленген ставкаларға сәйкес анықталады;

3) өндірістік емес сипаттағы негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациялық аударымдары;

4) өзге де әкімшілік шығыстар салалық ерекшеліктерді ескере отырып, растайтын құжаттар негізінде тарифтің шығын бөлігіне енгізіледі.

Өзге әкімшілік шығыстарға консалтингтік, маркетингтік қызметтерге және мердігерлік тәсілмен жүргізілетін жөндеу жұмыстарына арналған шығыстар, аудиторлық қызметтерге (тек акционерлік қоғам нысанындағы субъектілер үшін) және басқа ұйымдар жүзеге асыратын салалық ерекшеліктерге байланысты басқа да қызметтерге арналған шығыстар, сондай-ақ іссапар шығыстары мен әкімшілік қызметкердің байланыс қызметтеріне арналған шығыстар, мерзімді баспа, қызметтік автокөлікті ұстау, ақпараттық, консультациялық қызметтер кіреді.

Табиғатты қорғауға арналған шығыстар, табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін ақы басқа шығыстарға енгізіледі және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ставкалар мен алымдар мөлшері ескеріле отырып айқындалады.

Өндірістік қажеттілікке байланысты әкімшілік қызметкердің біліктілігін арттыруға арналған шығыстар осындай қажеттілікті растайтын құжаттарды ұсынған кезде кезең шығыстарында ескеріледі.

Реттеліп көрсетілетін қызметтер шеңберінде өндірістің өнертапқыштық және рационализаторлығына байланысты шығыстар экономикалық негізделген материалдар болған кезде кезең шығыстарына енгізіледі;

5) Субъектінің инвестициялық жобасын іске асыру үшін қарыз қаражаты үшін сыйақы төлеуге арналған шығыстар Субъект қарыз қаражатын тарту туралы жасалған шарттарды ұсынған кезде кезең шығыстарына қосылады және былайша айқындалады:

инвестициялық жобаны іске асыру үшін ұлттық валютада алынатын қарыз қаражаты бойынша сыйақыларды төлеуге арналған шығыстар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген базалық 2,5 еселенген ресми ставкасын қолдана отырып, есептелген сома шегінде тарифті есептеу кезінде ескеріледі;

инвестициялық жобаны іске асыру үшін шетел валютасында алынған қарыз қаражаты бойынша сыйақы төлеуге арналған шығыстар Лондон банкаралық нарығының 4 еселенген ставкасын қолдана отырып, есептелген сома шегінде тарифті есептеу кезінде ескеріледі.

Шетел валютасында алынған қарыз қаражаты үшін сыйақы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының негізгі көрсеткіштері және Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінің болжамды көрсеткіштері негізінде шетел валютасына теңге бағамының болжамды өзгеруін ескере отырып, тарифтің шығын бөлігі кезеңінің шығыстарында ескеріледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық ставкасы және Лондон банкаралық нарығының ставкасы Субъектінің тарифі мен тарифтік сметаларын бекіту жөнінде шешім қабылданған күні қолданылады.

Ескерту. 125-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 08.04.2019 № 119/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

126. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациялық аударымдары есептеудің тура сызықты (біркелкі) әдісі бойынша есептеледі және тарифтің шығын бөлігіне енгізіледі.

Амортизациялық аударымдарды ұлғайтуды уәкілетті органның ведомствосы Субъект негізгі құралдарға қайта бағалау және (немесе) оларды қайта жанарту (жаңғырту) кезең-кезеңімен жүргізгеннен кейін тарифтің шығын бөлігіне енгізеді.

Реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету кезінде тартылған активтерден амортизациялық аударымдар күрделі жөндеулер жүргізуге және инвестициялық бағдарламаларды іске асыруға жіберіледі.

127. Уәкілетті органның ведомствосы субъектілердің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығындарды салыстырмалы талдау негізінде, сондай-ақ Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің көлемі қысқарған жағдайда тарифтерге енгізілетін әкімшілік және (немесе) өндірістік қызметкердің еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстарды төмендету немесе арттырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Уәкілетті орган ведомствосының бастамасы бойынша тарифті және тарифтік сметаларды бекіткен жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы тарифтердің өзгеруі алдындағы кезеңдегі Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының (инфляция) көрсеткіштерін және шығындардың мөлшерін шектеу тәртібін ескере отырып, қолданыстағы тарифтерде қабылданған шығыстар шегіндегі кезең шығыстарын тарифтерге енгізеді.

Тарифті қалыптастыру кезінде уәкілетті органның ведомствосы Субъектілер қызметінің тиімділігі төмендеген (реттеліп көрсетілетін қызмет бірлігінің өзіндік

құнының ұлғаюы, реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуі, кредиторлық және дебиторлық берешектің ұлғаюы) кезде кезең шығыстары сомасын өзгертудің орындылығын айқындайды.

128. Субъектілердің тарифтерін қалыптастыру және бекіту кезінде тарифтің шығын бөлігінде мынадай шығыстар ескерілмейді:

нормативтен тыс техникалық және коммерциялық шығындарға, тауарлық-материалдық құндылықтардың бүлінуі мен жетіспеушілігіне және қоймалардағы қорларға, басқа да өндірістік емес шығыстар мен шығындарға;

реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету, ұсыну кезінде пайдаланылмайтын не Субъектінің балансында жоқ негізгі құралдардың амортизациялық аударымдары;

жалға, сенімгерлік басқаруға немесе мүліктік жалдауға алынған негізгі құралдарды (жалпы шаруашылық мақсаттағы негізгі құралдардан басқа) пайдаланғаны үшін төлемге, операциялық лизинг бойынша төлемдер;

Субъектінің теңгерімінде жоқ негізгі құралдарды күтіп-ұстауға және жөндеуге;

ластаушы заттардың нормативтен тыс шығарындылары (төгінділері) үшін төлемдер ;

сот шығындары;

үмітсіз қарыздар;

шаруашылық шарттарының талаптарын бұзғаны үшін айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық айыбы және санкциялардың басқа да түрлері;

табысты жасырғаны (төмендеткені) үшін айыппұлдар мен өсімақылар;

ұрлаудан болған залалдар;

ақаудан болған жоғалту;

қызмет көрсететін өндірістер мен шаруашылықтарды ұстау бойынша (үй-жайларды тегін беру, қоғамдық тамақтандыру ұйымдарына коммуналдық қызметтердің құнын төлеу және басқалар);

құзыретті органмен келісілген технологиялық қажеттіліктен басқа, денсаулық сақтау объектілерін, мектепке дейінгі балалар мекемелерін, оқу орындарын, кәсіптік-техникалық училищелерді ұстауға;

сауықтыру лагерлерін, мәдениет және спорт объектілерін, тұрғын үй қорын күтіп-ұстауға;

мәдени-ағарту, сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізуге (демалыс кештерін , спектакльдерді, концерттерді өткізу);

кәсіпорындардың қызметкерлеріне тұрғын үй жағдайын жақсартуға, бау-бақша үйлерін сатып алуға және үй шаруашылығымен айналысуға берілген несиелерді (пайызсыздарды қоса алғанда) өтеуге;

бау-бақша серіктестіктерін абаттандыру бойынша (оның ішінде жол құрылысы, энергиямен және сумен жабдықтау, жалпы сипаттағы басқа да шығыстарды жүзеге асыру);

лекциялар, көрмелер, пікірталастар, ғылым және өнер қайраткерлерімен кездесулер, ғылыми-техникалық конференциялар өткізуге және ұйымдастыруға, қоғамдық ұйымдар мен қауымдастықтарға мүшелік жарналарға;

өндірістік мақсаттарда пайдаланылатын өнімдерді қоспағанда, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнама бойынша, жарнамалық, плакаттық және баспаханалық өнімдерді шығару бойынша;

Субъектінің қызметкері үшін пәтерлерді, тұрғын үйлер мен құрылыстарды, жатақханалар мен қонақ үйлердегі орындарды сатып алуға, жалға алуға және күтіп-ұстауға (өндірістік қызметкерге арналған темір жол разъездеріндегі өндірістік шығыстарға енгізілетін реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету үшін технологиялық қажетті қызметтік тұрғын үй-жайларды күтіп-ұстауға арналған шығыстарды қоспағанда);

қаланы абаттандыру, ауыл шаруашылығына көмек көрсету және басқа да осындай жұмыстар бойынша жұмыстарды орындауға;

білім беру ұйымдарында оқитын қызметкерлерге демалыстарды төлеуге;

жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы беруге және басқа да сыйақы нысандарына;

кәсіптік ауруларды оңалтуды емдеуге байланысты шығындардан басқа, Субъект қаражаты есебінен қызметкерлерге және олардың балаларына емделуге, демалысқа, экскурсияға жолдамалар төлеу бойынша;

өз қызметкерлеріне медициналық көмек көрсетуге денсаулық сақтау органдарымен жасалған шарттар бойынша емханалардың қызметтеріне ақы төлеу бойынша;

сақтандыру төлемдері (кәсіпорындар өз қызметкерлерінің пайдасына жасаған жеке және мүліктік сақтандыру шарттары бойынша кәсіпорындар төлейтін жарналар);

қызметкерлерге, оның ішінде балаларды тәрбиелеп отырған әйелдерге қосымша берілген (заңнамада көзделгеннен тыс) демалыстарға ақы төлеу бойынша, қызметкердің отбасы мүшелерінің демалысты пайдалану орнына жол жүруіне және кері қайтуына ақы төлеу, сондай-ақ пайдаланылмаған демалысы үшін өтемақы;

демеушілік көмектің барлық түрлерін көрсетуге;

заңнамада көзделгеннен басқа Субъектінің қызметкерлеріне жеңілдіктер (қызметкерлерге тегін немесе төмендетілген бағалар бойынша тамақ беру, денсаулық топтарына абонементтерді төлеу, секцияларда, клубтарда сабақтар, протездеу және басқалар);

мерейтойлық күндерге сыйлықтар сатып алуға немесе қызметкерлерге көтермелеу түрінде берілетін (автомашиналарды, пәтерлерді, ұзақ пайдаланылатын заттарды және басқа да тауарларды қоса алғанда, сондай-ақ қызметкерлердің жеке шоттарының пайыздық ставкаларын ұлғайту);

мектепке дейінгі мекемелердегі, санаторийлерде және сауықтыру лагерьлеріндегі балалардың тамақтану құнын өтеуге;

тұтынушылардан коммуналдық төлемдерді қабылдау бойынша банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметтеріне;

ұжымдық шартта белгіленген мақсаттарға кәсіподақтарға аударымдар;

тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізуге, өнертабыстар мен рационализаторлық ұсыныстар бойынша модельдер мен үлгілерді дайындауға және сынауға (реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынуда қолданылатын жұмыстарды қоспағанда), көрмелер, байқаулар, конкурстар және өнертапқыштық пен ұтымды ету жөніндегі басқа да іс-шараларды ұйымдастыруға, авторлық сыйақылар төлеуге және басқа да;

реттеліп көрсетілетін қызметтерді өндіруге және көрсетуге жатпайтын және тарифтердің өсуіне алып келетін шығыстар.

129. Жұмыс қорытындылары бойынша сыйлықақы беруге және жалақыға сыйақылардың басқа да түрлеріне, ұжымдық шарттың талаптарын орындауға арналған шығыстар Субъект тарифінің шығын бөлігіне енгізілмейді және мынадай көздер есебінен жүзеге асырылады:

1) реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызметтен алынған табыс;

2) әкімшілік және өндірістік қызметкердің еңбегіне ақы төлеу шығыстарын үнемдеу ;

3) неғұрлым тиімді әдістер мен технологияларды қолдануға, энергетикалық аудит қорытындылары бойынша әзірленген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға, нормативтік техникалық ысыраптарды төмендету жөніндегі іс-шараларды жүргізуге немесе Субъектіге байланысты емес себептер немесе конкурстық (тендерлік) рәсімдерді өткізу нәтижелері бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің қысқаруына байланысты туындаған бекітілген тарифтік сметада және іс-шаралар орындалған жағдайда бекітілген инвестициялық бағдарламада көзделген шығындардың толық пайдаланылмаған бөлігі.

130. Субъектіге мемлекеттік бюджет қаражатынан бөлінетін субсидия тарифтің шығын бөлігінде ескерілмеген шығыстарға бағытталған субсидияларды қоспағанда, тарифтің шығын бөлігін азайтуға ескеріледі.

131. Уәкілетті органның ведомствосы тарифті есептеу кезінде пайда ставкасының осы Қағидалармен бекітілген табиғи монополия субъектісі пайдасының жол берілетін деңгейін айқындау тәртібіне сәйкес айқындалатын тартылған активтердің реттеліп көрсетілетін базасының шамасына көбейтіндісі ретінде пайданың жол берілетін деңгейін айқындайды.

Тарифке енгізілетін пайда деңгейі инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін қажетті қаражатты және амортизациялық аударымдарды ескере отырып шектеледі.

[illegible]

[illegible]

5	Басқа да шығындар (таратып жазу)	- " -								
II	Кезең шығыстары барлығы, оның ішінде	- " -								
6	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы: оның ішінде:	- " -								
6.1	Әкімшілік персоналдың жалақысы	- " -								
6.2	Әлеуметтік салық	- " -								
	МӘМС									
6.3	Салықтар	- " -								
6.4	Басқа шығыстар (таратып жазу)	- " -								
7	Сыйақылар төлеуге арналған шығыстар	- " -								
III	Қызметтерді көрсетуге арналған барлық	- " -								

	шығындар									
IV	Кіріс (РБА*БК)	- " -								
V	Тартылған активтердің реттелетін базасы (РБА).	- " -								
VI	Барлық кірістер	- " -								
VII	Көрсетілген қызметтердің көлемі (тауарларды, жұмыстарды)	заттай көрсеткіштерде								
VIII	Нормативтік техникалық жоғалтулар	%								
		заттай көрсеткіштерде								
IX	Тариф	теңге / көрсетілген қызметтер бірлігіне								

	Анықтама ретінде:	
8	Қызметкердың тізімдік орташа саны,	адам
	оның ішінде:	
8.1	өндірістік	- " -
8.2	әкімшілік	- " -
9	Орташа айлық жалақы, барлығы,	теңге
9.1	өндірістік персоналдың	- " -

9.2	әкімшілік персоналдың	- " -
10	Күрделі жөндеу	мың. тенге
11	Пайда есебінен жүзеге асырылатын шығындар (таратып жазу)	- " -
12	Негізгі құралдар құнының өсуіне әкелмейтін жөндеу, барлығы, оның ішінде	- " -
12.1	жөндеуге арналған материалдар	- " -
12.2	жалақы	- " -
12.3	әлеуметтік салық	- " -

Тарифтерді қалыптастыру
қағидаларына
2-қосымша
нысан

